



**«AQNIET» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ САЛАЛЫҚ КӘСПОДАҒЫНЫҢ
2022 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

«AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағының 2022 жылғы қызметі туралы

XIII съезде қабылданған «AQNIET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағы (бұдан әрі - Кәсіподақ) қызметінің 2020-2024 жылдарға арналған Бағдарламасы Орталық Кеңестің, облыстық филиалдардың, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының нақты нысандары мен жұмыс әдістерін айқындауға негіз болды. Кәсіподақтың 2022 жылғы қызметі Бағдарламада баяндалған стратегиялық міндеттерді іске асыруға бағытталды.

I. Кәсіподақтың денсаулық сақтау жүйесін дамыту мен жетілдіруге қатысуы

Кәсіподақ қызметінің негізгі мақсаты денсаулық сақтау ұйымдарында еңбек заңнамасының бұзылуына жол бермеу, сала қызметкерлері мен оқитын жастардың өмір сүру деңгейін жақсарту, олардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қатаң сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайлары мен лайықты жалақыны қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қабылдау және іске асыру болып табылады.

2021 жылдың қазан айынан бастап «AQNIET» Кәсіподағы құрамында 12 салалық және 4 аумақтық кәсіподақтан 1 миллион мүшесі бар Қазақстандық еңбек конфедерациясының (бұдан әрі - Конфедерация) мүшелік ұйымы болып табылады. Конфедерация 2019 жылдан бастап Жалпы кәсіподақтар конфедерациясының құрамына мүше. Қазіргі уақытта «AQNIET» Кәсіподағының Төрағасы Конфедерацияның Бас хатшысының бірінші орынбасары болып табылады.

Мәселен, 2022 жылғы 10 қаңтарда Конфедерация Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевқа Үкіметтің жаңа құрамына Конфедерацияның ұсыныстарын мұқият зерделеуді және әлеуметтік әріптестермен негізгі мәселелер бойынша, атап айтқанда:

- ең төменгі жалақыны белгілеу туралы ХЕҰ № 131 Конвенциясын ратификациялау;

- жарғылық қызметін орындамаған әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияны реформалау;


- қажеттілігі барынша өзекті болып тұрған әлеуметтік әріптестік туралы заңды әзірлеуге;

- Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеу жүйесін біріздендіру;

- Қазақстан кәсіпорындарында лайықты еңбек жағдайларының болмау себептерін, сондай-ақ көпұлтты кәсіпорындардың халықаралық еңбек жағдайларының стандарттарына сәйкес келмеу себептерін кешенді зерделеу үшін кәсіподақ өкілдерінің ойын ескере отырып мемлекеттік комиссия құруға. Бұл өтініш министрліктердің қарауына жіберілгенімен әлі жауап жоқ.

Кәсіподақ медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды енгізуге байланысты заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс тобына кірді және бірнеше рет Заң жобасына медициналық оқыс оқиғалар кезінде дәрігерлерді қылмыстық қудалаудан босату үшін дәлелдер келтіріп, пациентке залал келтірген кезде дәрігердің қаржылық және құқықтық қауіпсіздігінің маңыздылығы мен жарналарды жұмыс берушінің қаражаты есебінен төлеуді жүргізу ұсыныстарын Денсаулық сақтау министрлігіне, жұмыс тобының басшысына жолдады. Сондай-ақ, бір жыл ішінде Кәсіподақ Төрағасы бұл мәселелерді БАҚ та белсенді көтерді:

- zona.kz интернет-газетіне «Асқынған ауру» тақырыбына онлайн сұхбат;
- «Казахстанская правда» газетінде «Денсаулық сақтау министрлігі дәрігерлердің жіберген дәрігерлік қателіктері үшін жауапкершілігін декреминализациялайтын заң жобасын ұсынды» тақырыбына мақала;
- Atameken Business channel «Время говорить» бағдарламасы, тақырыбы: Денсаулық сақтау министрлігінің реформасы: науқастың өлімі үшін «бас бостандығынан айырудың» орнына – «шектеу».
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ұйымдастырған медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру мәселелері бойынша дөңгелек үстел және т. б.





Atameken Business channel «Время говорить» бағдарламасы, тақырыбы: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕФОРМАСЫ: НАУҚАСТЫҢ ӨЛІМІ ҮШІН «БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУДЫҢ» ОРНЫНА – «ШЕКТЕУ»

II. Еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеуді жетілдіру, денсаулық сақтау қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін арттыру

Кәсіподақ қызметінің стратегиялық мақсаттарының бірі денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің барлық санаттарының лайықты жалақы деңгейімен қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік маңыздылық, жауапкершілік пен шиеленіс деңгейіне, еңбегінің көлемі мен сапасына сәйкес келетін мөлшерде жалақыны уақтылы төлеуге конституциялық құқығын қорғау бойынша қағидатты және мақсатты саясат жүргізу болып табылады.

Бұрын берілген біліктілік (жоғары, бірінші, екінші) санаттарын беру туралы куәліктердің қолданылу мерзіміне қарамастан, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын есептеуді қамтамасыз ету мақсатында 2020-2022 жылдарға арналған Салалық келісімге қосымша келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар, Кәсіподақ ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ЕХӘҚМ) ҚР «Кәсіби біліктілік туралы» Заң жобасына қорытынды жолдады және ол Кәсіподақтың ұсыныстарын ескере отырып пысықталды.

Кәсіподақ Салалық келісімнің қолданылу аясына кіретін денсаулық сақтау саласының қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар экономиканың басқа салаларындағы медицина және медициналық емес қызметкерлерінің де жалақысын көтеру қажеттілігі туралы мәселені тұрақты негізде көтеріп келеді.

Денсаулық сақтау субъектілеріндегі педагогикалық білімі бар қызметкерлердің жалақысын арттыру қажеттілігі туралы ҚР Премьер-министріне, ҚР ЕХӘҚМ және ҚР Білім министрлігіне хаттар жолданды.

ҚР ЕХӘҚМ 2022 жылғы 20 шілдедегі жауабында білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтардан басқа, басқа да салалардың педагогтарын тізбеге енгізу мәселесін қарастыру жөнінде ҚР Білім министрлігіне хат жібергенін хабарлады. Бұдан басқа, ҚР ЕХӘҚМ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің медицина қызметкерлерінің біліктілік санаттары үшін төлем мәселесін шешудің ықтимал жолдары пысықталуда, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын біліктілігі жоқ жұмысшыларды азаматтық қызметшілер санатына қосу мәселесі қаралуда.

Кәсіподақ 2022 жылдың қазан айында ҚР Денсаулық сақтау министріне елдің емдеу ұйымдарын жеткіліксіз қаржыландыру және емдеу-алдын алу ұйымдарында кредиторлық берешектің өсуі жөнінде хат жолдады. Қызметкерлердің мүдделерін қорғай отырып, Кәсіподақ МӘМС және ТМҚКК жүйесінде 2022 жылдың соңына дейін орындалған және жоспарланған медициналық көмек көлемі шегінде қосымша қаражат бөлу жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды талап етті, өйткені денсаулық сақтауды қаржыландыру тапшылығының болуы, тұтастай алғанда, жалақыны төлемеу, қызметкерлерді ақысыз демалысқа жіберу, еңбек демалысын бұзу бойынша жоғары тәуекелдер туғызады және қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына әкеледі.

Біздің өтінішімізге жауап ретінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволық бюджеттік комиссиясының шешімімен ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде 2022 жылға арналған сатып алу жоспарларына өзгерістер енгізу бекітілді, онда мынадай қосымша қаражат көзделген:

ТМҚКК шеңберінде 13 891 970 мың теңге сомасында (1% - ға өсім), оның ішінде:

стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке - 4 963 476 мың теңге (бюджеттің 6% - ға өсуі);

стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке - 464 993 мың теңге (бюджеттің 2% - ға өсуі).

МӘМС жүйесінде 47 479 371 мың теңге сомасында (6% - ға өсім), оның ішінде:

стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке - 29 507 893 мың теңге (бюджеттің 10% - ға өсуі);

стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке - 1 276 073 мың теңге (бюджеттің 3% - ға өсуі).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, «AQNIET» Кәсіподағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жаңа Салалық келісім (бұдан әрі - 2023-2025 жылдарға арналған Салалық келісім) жобасына енгізу және талқылау үшін Кәсіподақ 2022 жылғы қарашада медицина қызметкерлері арасында қалыптасқан өткір әлеуметтік – экономикалық проблемалар тұрғысынан сауалнама жүргізді.

Жобаны әзірлеу бойынша Кәсіподақ комиссиясы сауалнама қорытындысы бойынша медицина қызметкерлерінің ескертулері мен 50-ден астам ұсыныстарына талдау жүргізіп, оларды 2023-2025 жылдарға арналған Салалық

келісім жобасына енгізіп уәкілетті орган ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне жолдады. Бірақ, өкінішке орай, әлеуметтік әріптестік тараптары біздің көптеген ұсыныстарымызды Салалық келісімге қабылдамады, алайда Кәсіподақ нәтижеге қол жеткізу бойынша іс-қимылды жалғастыра береді.

2023 жылғы 24 қаңтарда 2023-2025 жылдарға арналған Салалық келісімге қол қойылды, онда денсаулық сақтау саласындағы меншіктің басқа нысандарындағы жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесі жұмыс берушінің қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйелеріне сәйкес еңбек шартында, бірақ жалақының тиісті мөлшерінен, оның ішінде лауазымдық айлықақылардан (жұмыс өтілі бойынша тиісті коэффициенттер мен түзету коэффициенттері ескеріле отырып белгіленетін), №1193 қаулыда және осы Келісімде белгіленген үстемеақылардан/қосымша ақылардан төмен емес болып белгіленеді.

Бұл ретте мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауын орындау үшін (2023 жылға қарай медицина қызметкерлерінің жалақысы экономикадағы орташа жалақыдан 2 есе жоғары болады) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап медицина және фармацевтика жұмыскерлерінің лауазымдық жалақысы түзету коэффициенті қолданыла отырып айқындалады:

1) біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар (А блогының басқарушы персоналы, В1, В2 блогының негізгі персоналы) №1193 қаулымен белгіленген 2,73 орнына 3,42 мөлшерінде;

2) біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі мамандар (В3, В4 блогының негізгі персоналы) №1193 қаулымен белгіленген 2,05 орнына 2,34 мөлшерінде;

Санитарлардың (шаруашылық бикелерін қосқанда) лауазымдық жалақысы 1,15 түзету коэффициентін ескере отырып орнатылады.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап медицина қызметкерлерінің, оның ішінде біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің (бұдан әрі-куәліктер) қолданылу мерзімі өткен медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 2015 жылдан кейін мамандарға берілген бұрын берілген біліктілік санаттары (жоғары, бірінші, екінші) ескере отырып есептеледі.

Сонымен қатар, қызметкерлердің жағдайын жақсартатын басқа да жағдайлар қарастырылған.

Жасалған Меморандум шеңберінде Кәсіподақ Қормен бірлесіп, ТМҚКК және МӘМС шеңберінде Қор қаржыландыратын денсаулық сақтау субъектілеріндегі медицина қызметкерлерінің 2022 ж. еңбекақысының өсуіне (І, ІІ тоқсандар) мониторинг жүргізеді.

Мониторинг нәтижелері:

СРЕДНЯЯ ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА ВРАЧЕЙ

(результаты общественного мониторинга Профсоюза AQNIET совместно с ФСМС за II кв. 2022 г.)



г. Астана 435 517 299 647
г. Алматы 432 127 314 975
г. Шымкент 420 319 300 580

Среднемесячный размер
зарботной платы по
Нацпроекту составляет
415 900 тенге



Среднемесячный размер заработной платы: с учетом выплат и без учета выплат

СРЕДНЯЯ ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА СРЕДНЕГО МЕДИЦИНСКОГО ПЕРСОНАЛА

(результаты общественного мониторинга Профсоюза AQNIET совместно с ФСМС за II кв. 2022 г.)




г.Астана 298 883 190 144
г.Алматы 269 409 197 050
г.Шымкент 144 795 174 760

Среднемесячный
размер
зарботной платы
по Нацпроекту
составляет
190 800 тенге



Среднемесячный размер заработной платы: с учетом выплат и без учета выплат

біліктілік санатына қол жеткізуді растау жөніндегі модельді және бұрын берілген біліктілік санаттарын ескере отырып, бұрын берілген біліктілік (жоғары, бірінші, екінші) санаттарын беру туралы куәліктердің қолданылу мерзіміне қарамастан медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін есептеуді қамтамасыз ету мақсатында 2020-2022 жылдарға арналған Салалық келісімге қосымша келісімнің жобасын қаралып және бекітілді.



ҚР денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық үшжақты комиссияның отырысы

Кәсіподақтың жұмысы бойынша өткір проблемалар өңірлік деңгейдегі келісімнің көмегімен, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарындағы ұжымдық шарттардың көмегімен жедел шешілетінін атап өткен жөн. Кәсіподақ өкілдері әлеуметтік әріптестік шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, конкурстық негізде денсаулық сақтаудағы мемлекеттік кәсіпорындардың байқау кеңестерінің құрамына енгізіледі.

Сонымен қатар Кәсіподақ әлеуметтік диалог тетігінің тиімділігінің жеткіліксіздігі фактісін атап өтті. Бірлескен уағдаластықтардың орындалу барысын нақты пысықталған, пәрменді бақылау жүйесі жоқ.

Кәсіподақ әлеуметтік әріптестіктің барлық тараптары қызметінің ашықтығы, айқындығы және есептілігі идеясын тұрақты түрде ілгерілетіп келеді. Ең алдымен, кәсіподақтардың өздері. Осыған байланысты тараптардың жауапкершілігін және Салалық комиссияның рөлін арттыру қажет.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Салалық комиссия Тараптардың орындауы үшін міндетті тиісті шешімдермен ресімделетін консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы әлеуметтік әріптестік тараптарының мүдделерін келісуді қамтамасыз ету жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Кәсіподақтың Қарағанды және Ұлытау облыстары филиалы денсаулық сақтау жүйесіндегі әлеуметтік әріптестікті дамыту шеңберінде «2022 жылдың үздік ұжымдық шарты» атағына байқау өткізді. Байқаудың мақсаты мен міндеті жұмыс берушілердің лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, еңбек заңнамасының нормалары мен кепілдіктерін сақтауға қызығушылығы мен әлеуметтік жауапкершілігі мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының беделін арттыру, Кәсіподақ мүшелерінің өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу, Кәсіподақтың қатардағы белсенді мүшелерін анықтау және Кәсіподақ жұмысын ұйымдастыруға тарту болды. Байқау қорытындысы қызметкерлерге қосымша әлеуметтік кепілдіктер беруді, әлеуметтік-еңбек саласындағы келіспеушіліктерді реттеуді, әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендетуді, еңбек дауларының алдын алуды, жұмыс берушілер мен кәсіподақ ұйымдары қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі іскерлік және сындарлы ынтымақтастығын дамытуды көрсетті.

Ұсынылған материалдарды қарау қорытындысы бойынша 1 орын және «2022 жылдың үздік ұжымдық шарты» атағын беру туралы Диплом және 150 000 теңге сертификат «№ 2 көпбейінді аурухана» КМК бастауыш кәсіподақ ұйымына берілді.

Екінші орын және 100 000 теңге сертификаты «Теміртау қаласының № 1 емханасы» КМК бастауыш кәсіподақ ұйымына берілді.

Үшінші орын және 50 000 теңге сертификаты «№ 3 көпсалалы аурухана» КМК бастауыш кәсіподақ ұйымына берілді. Ұжымдық шарттардың талаптары арқылы көптеген жылдар бойы профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу және жұмыс берушінің есебінен ғана жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету мәселесі ойдағыдай шешілетінін атап өткен жөн. Шығындар кәсіпорындардың сметасын жоспарлау кезінде ескеріледі. Ұжымдық шарттарға сондай-ақ өндіріс талаптары бойынша үзіліс беру мүмкін болмайтын лауазымдар мен кәсіптер тізбесін айқындау жөніндегі тармақтар енгізілген, демек, жұмыскерлердің осындай санаты үшін демалу және тамақтану үшін үзіліс уақыты жұмыс уақытына енгізіледі. Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау мамандарына жеңілдіктер беру (коммуналдық қызметтер мен отынға арналған шығыстарды өтеуге әлеуметтік қолдау шаралары) туралы мәселе оң шешілуде.

III. Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау

Өз Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев реформаларды дайындау мен іске асыруға қоғамдық ұйымдар мен белсенділерді неғұрлым кең және терең тарту қажеттігі туралы, елдегі азаматтық белсенділікті ояту және мемлекет пен қоғам арасындағы саналы және сындарлы әріптестік процесін бастау туралы атап өтті. Азаматтық қоғамды дамыту мен нығайтуда кәсіподақтар маңызды рөл атқарады, өйткені олар нақты әлеуметтік мемлекет құруды жақтайтын және жалдамалы жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді институты болып табылатын азаматтық қоғамның маңызды бөлігі.

Кәсіподақ республикада қолданылатын заңнама шеңберінде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кезінде дербестік пен іс-әрекет бостандығын сақтай отырып, тараптардың әлеуметтік әріптестігі, тең құқықтығы және ынтымақтастығы қағидаттарында мемлекеттік билік пен басқару органдарымен тығыз өзара іс-қимыл жасайды.

Кәсіподақтың міндеті кең қоғамдық қолдауды қолдау және нығайту және оның Денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау ісіндегі оң, әлеуметтік маңызды рөлін мойындау болып табылады.


Денсаулық сақтау қызметкерлерінің әлеуметтік экономикалық құқықтарын қорғаудағы позитивтік, әлеуметтік маңызын мойындай отырып, кең қоғамдық қолдауды қолдау мен нығайту Кәсіподақтың мақсаты болып табылады.



ҚР ДСМ кеңейтілген алқа отырысы



AMANAT партиясы, отырыс



Шымкент қ. көшпелі семинар

Осылайша, Кәсіподақ өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, әлеуметтік-еңбек саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қарауға қатысады. 2022 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен 177 ден астам нормативтік - құқықтық актілер, ал ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен 51 нормативтік-құқықтық актілер келісілді.

Кәсіподақ өкілдері кәсіпорындар деңгейінде еңбек, жұмыспен қамту, еңбек қатынастарын реттеу, жалақы, еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және сала қызметкерлерінің өмір сүру деңгейі мен сапасының басқа да мәселелері бойынша келісілген ұстанымды әзірлеу мақсатында тұрақты консультациялар, келіссөздер, ұжымдық шарттар жасасуды жүргізеді.

Есепті кезеңде Кәсіподақ медицина қызметкерлерін қолдау, жалақының өсуін іске асыру және медицина қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін басқа да мәселелер бойынша ҚР Үкіметінің атына 1, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне – 19, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне – 7, Мәжіліс пен Мәслихат депутаттарына 1, денсаулық сақтау басқармасына – 20 өтініш жолдады.

Кәсіподақтың уақытылы және жүйелі іс-әрекетінің нәтижесінде көптеген ұсыныстар ескерілді, бұл Үкіметтің қаулыларында, Денсаулық сақтау министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрықтарында көрініс тапты.

Кәсіподақ өкілдері Қоғамдық кеңестің, алқалардың, ШЖҚ мемлекеттік кәсіпорындардың бақылау кеңестерінің, тәртіптік, жас мамандар мен (PhD) докторларды жұмысқа бөлу жөніндегі, Әлеуметтік кодексті әзірлеу жөніндегі, ҰНТУМАҚ үйлестіру кеңесінің, өндірістегі жазатайым оқиғалар жөніндегі, ӘМСҚ қоғамдық-консультативтік кеңесінің, және басқа да әлеуметтік-экономикалық және қызметкерлердің еңбек мәселелеріне қатысты комиссиялардың құрамына кіреді.

Кәсіподақ өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қарастыратын, әлеуметтік-еңбек саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қарауға қатысады.

IV. Кәсіподақтың құқық қорғау жұмысы, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру

Құқық қорғау жұмысы Кәсіподақ қызметінде басым бағыт болып табылады.

Еңбек және өзге де заң мәселелері бойынша консультациялар.

Мүшелерінің еңбек құқықтары мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға өкілеттіктерін тиімді іске асыру мақсатында Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзудың барлық фактілеріне жедел ден қояды, уақтылы жоюға қол жеткізеді, сот арқылы қорғаудың, еңбек заңнамасының сақталуын қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланады.

Құқықтық көмек келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

Еңбек және өзге де заңнама мәселелері бойынша консультациялар.

Есепті кезеңде 1000-нан астам Кәсіподақ мүшелері заң консультациясын пайдаланды. Қызметкерлерді еңбек, зейнетақы, тұрғын үй заңнамасы, сақтандыру және басқа да мәселелер қызықтырды. Ұжымдық шарт нормаларын қолдану, арнайы бағалау, еңбек жағдайлары, демалыстар, тәртіптік жазалар және жұмыс тәртібі бойынша көптеген өтініштер түсті. Қысқарту рәсімінде болған Кәсіподақ мүшелеріне үнемі құқықтық көмек көрсетілді. Бұл ретте Кәсіподақ тек өз мүшелеріне ғана емес, («Жедел желі»: қала: +7 (7172) 25-17-74; моб: +7 701 199 14 14) жүгінген басқа да қызметкерлерге кеңес береді.

Кәсіподақ өз мүшелерін құқықтық қорғау үшін құрған «Медвокат» жобасы бойынша нормативтік актілерден алынған үзінділерді қоса бере отырып, консультацияларды ауызша да, жазбаша да пошта арқылы, әлеуметтік «WhatsApp» мессенжері, қалалық және қалааралық телефон байланысы бойынша да заң кеңесін берді.

Сотқа дейінгі іс-шараларға қатысу.

Жеке еңбек дауларында қызметкерлердің мүдделерін білдіру (басшылармен келіссөздер жүргізу, келісім комиссиясына өтініштер дайындауға көмектесу, оның жұмысына қатысу. Еңбек инспекциясына өтініштер дайындау, дауды медиативтік тәртіппен шешуге көмектесу).

Барлық инстанциялар сотына қатысу.

Барлық сатыдағы соттарда қызметкерлердің, денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының мүдделерін білдіру (талап арыздарды дайындау, сотқа қызметкердің өкілі және дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде қатысу).

Кәсіби заңгерлер мен адвокаттарды тарту.

Әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер бойынша Кәсіподақтың мүдделерін білдіру.

Медицина және фармацевтика қызметкерлерін толық құқықтық қорғауды қамтамасыз ету үшін «AQNIET» Кәсіподағының «Медициналық адвокат» жобасы жұмысын жалғастыруда.

**ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА
РАБОТНИКОВ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ**

**ПРИ ИСПОЛНЕНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ОБЯЗАННОСТЕЙ
СТОЛКНУЛИСЬ С ПРОБЛЕМАМИ**

- ➔ **УГОЛОВНОГО,**
- ➔ **АДМИНИСТРАТИВНОГО,**
- ➔ **ГРАЖДАНСКОГО,**
- ➔ **ТРУДОВОГО ИЛИ ИНОГО ХАРАКТЕРА**

ОБРАЩАЙТЕСЬ В ПРОФСОЮЗ

«ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ»: +7(7172) 25-17-74
Координатор проекта: +7(701)-199-14-14
E-mail: medadvocataqnet@zdravunion.kz

Кәсіподақ ОК аппараты мен филиалдары 2022 жылы еңбекақы төлеу, құқықтық мәселелер, еңбекті қорғауды ұйымдастыру, санаторлық-курорттық қызмет көрсету және демалыс, атаулы материалдық көмек көрсету бойынша 7026-дан астам медицина қызметкерлерінің өтініштерін өңдеді. Келіп түскен өтініштердің орындалуын бақылау: азаматтардың шағымдары мен қайталанған өтініштерін тудыратын себептер мен жағдайларды зерделеу жұмысты ұйымдастыруда жүйелілікке қол жеткізуге және азаматтардың өтініштерін қарау кезінде заңнаманы бұзу жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

Көрсетілген қызметтердің нәтижесінде Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделері 214 481 952 теңгеге қорғалды.



«AQNIET» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫНА ЖӘНЕ ОК АППАРАТЫНА 2022 ЖЫЛДА КЕЛІП ТҮСКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

СҰРАҚТАР ТІЗБЕСІ	БАРЛЫҒЫ	ТОЛЫҚ «ЖАБЫЛДЫ»	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР (тң.)	БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ
 ЕҢБЕКАҚЫ	480	407	63 333 333 тң.	23
 ЕҢБЕКП ҚОРҒАУ	36	29	80 000 тң.	
 ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	60	35	3 560 000 тң.	5
 САНАТОРЛЫҚ -КУРОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС	4148	4148	134 129 110 тң.	
 МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ	2155	2067	13 379 509 тң.	
 БАСҚА СҰРАҚТАР	147	140		
БАРЛЫҒЫ	7026	6826	214 481 952 тң.	27

Толығырақ өтініштердің мысалдары келтірілген:

Ақмола облысы бойынша:

2022 жылдың қазан айынан бастап, соңғы 2-3 ай бойы, Ақмола облысының медициналық ұйымдарында жалақы мен сауықтыру жәрдемақыларын беруде кідірістер байқалды. Осы мәселе бойынша Кәсіподақтың Ақмола облыстық филиалының өкілдері медициналық ұйымдарға ұжымдардың өтініштері түскен жерге барып, ұжыммен және жұмыс берушімен кездесті. Сапар нәтижелері бойынша Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына ақпарат дайындалды. Бүгінгі таңда бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының мәліметтері бойынша жалақы бойынша берешек іс жүзінде байқалмайды, сауықтыру жәрдемақылары біртіндеп қайтарылуда. Ең қиын жағдай Степногорск қалалық көпбейінді ауруханасында болды, онда жалақы берудің кешігуі байқалды. Осы мәселе бойынша ұжымның Ақмола облысы бойынша Қоғамдық кеңеске үндеуі болды. Егер қызметкерлердің жалақысы түгенделген болса, МӘМС және зейнетақы қорына аудару бойынша мәселелер әлі де бар. Бүгінгі күні соңғы 2-3 айда аударымдар жоқ, сондықтан емделуге мұқтаж қызметкерлер кепілдендірілген ем ала алмайды. Жарқайың аудандық ауруханасының зейнетақы қорына аударымдары бойынша да осындай жағдай.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Семей қаласының жедел жәрдем жүргізушілерінің ұжымдық шағымы. Мәселе демалысқа қосымша 6 күнтізбелік күндерді беру туралы болды. Шығыс Қазақстан және Абай облыстары филиалының көмегімен бұл мәселе сот тәртібімен оң шешімін тапты. Бұл мәселеде 1 069 000 теңгені құрайтын 28 қызметкердің еңбек және демалыс жағдайлары жақсарды.

Инновациялық медицина бөлімшесінің медицина қызметкерлерінен зиянды жағдайлар үшін демалысқа қосымша 12 күнтізбелік күн емес 30 күн беру туралы ұжымдық өтініш (еңбек жағдайлары зиянды лауазымдар тізбесіне сәйкес жұлын

науқастарымен жұмыс). Бұл мәселе келіссөздер жүргізу және ШҚО филиалы қызметкерлерінің аурухана әкімшілігіне ұсынған дәлелдемелік базасы арқылы қызметкерлердің пайдасына шешілді. Қаржылық құрамдас бөлігі 1 071 000 теңгені құрайды.

2020-2022 жылдарға арналған ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы Салалық келісімнің 3-бөлімін орындамағаны туралы, кіші медициналық персоналға және барлық медициналық емес қызметкерлерге 1,15 түзету коэффициентін қолдана отырып лауазымдық жалақы белгілеу туралы үш ұжымдық шағым түскен. Бұл бойынша 612 қызметкердің жалақы мәселесі шешілді, қаржылық құрамы айына 12 040 000 теңгені құрайды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған Салалық келісімді орындамау жөніндегі шағым - түнгі және мереке күндері сағаттарды екі есе мөлшерде төлеу. Шешілген мәселе негізінде қызметкердің пайдасына жылына оның жалақысы 98 000 теңгеге артады.

Сауықтыру жәрдемақысын есептеу және төлеу бойынша қызметкерлерден 3 өтініш келіп түсті және ол олардың пайдасына шешілді. Жәрдемақы 645 қызметкерге төленеді. Жылына 47 310 000 теңге төленеді.

Өскемен қаласының «Балалар үйі» ұйымының басшыларымен 10 консультация және кездесулер өткізілді. Әкімшілік ұйымы басқа тәрбиешілеріне жүктемені арттыра отырып, 15 тәрбиешіні қысқартуды жоспарлады. Мәселе жұмысшылардың пайдасына шешілді. Мәселенің қаржылық құрамдас бөлігі айына 2 160 000 теңге

ШҚО фтизиопульмонологиялық орталығынан ШҚО филиалының төрағасы М.Е. Айзенбергке ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі ШҚО бойынша департаментінің ұйғарымының күшін жою туралы және қызметкерге үстеме жұмыс уақытын төлеу туралы мәселені шешуге жәрдемдесу туралы өтініш келіп түсті. Бұл ұйғарымға ШҚО филиалының төрағасы тергеу және облыс бойынша бас инспектор Қизатовқа дәлелдемелік база беру жолымен шағымданды. Шешім жойылды. Мәселенің қаржылық құрамдас бөлігі 1 775 000 теңгені құрады.

Астана қаласы бойынша:

1. 2022 жылдың тамыз айының басында Кәсіподақтың Астана қаласындағы филиалына Астана медицина университетінің (бұдан әрі – университет) бастауыш ұйымының мүшелері болып табылатын Г.М. Акполатова, А. А. Бегимов, Е.Г. Аймановтан заңсыз жұмыстан шығарылғандары туралы арыз келіп түсті.

ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңының 16-бабына сәйкес кәсіподақтар өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынаста қызметкерлердің өкілдері болуға, өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін талап қоюға құқылы.

Осыған байланысты Г.М. Акполатованы, А. А. Бегимовты, Е. Г. Аймановты заңды түрде жұмыстан шығармау мәселесін сотқа дейінгі реттеу мақсатында Кәсіподақтың заң бөлімінің қызметкерлері Университеттің келісім комиссиясының отырыстарында құқық қорғау бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс қорытындысы бойынша оларды жұмыста қалпына келтіруден бас тарту туралы шешім шығарылды.

Университеттің Келісу комиссиясы аталған мәселені сотқа дейінгі реттеуді шешпегендіктен, Кәсіподақтың заң бөлімі мынадай талаптармен:

- университеттің Г. М. Акполатова, А. А. Бегимов, Е. Г. Аймановтарды жұмыстан шығару туралы бұйрықтарын заңды емес деп тану және олардың күшін жою туралы;

- аталған қызметкерлерді бұрынғы лауазымына қалпына келтіру туралы, мәжбүрлі жұмыстан шығу кезінде еңбекақы төлеудің барлық сомасын өтеу туралы талап арыз жолдады.

Бірінші сатыдағы азаматтық істер жөніндегі соттың шешімдерімен аталған азаматтарға қызметке мәжбүрлі қатыспағаны үшін Г. М. Акполатоваға 1 763 337 теңге, А.А. Бегимовке 846 549 теңге, Е. Г. Аймановқа 750 000 теңге сомасында еңбекақы төлей отырып, бұрынғы лауазымдары қалпына келтірілді.

2. Сонымен қатар, 2022 жылдың шілде айының басында Университет қызметкерлері - Кәсіподақ мүшелерінен әкімшіліктің бастауыш кәсіподақ ұйымының істеріне заңсыз араласуы мен қызметкерлердің, Университетке жаңа басшылықтың келуімен құрылған, жаңа «Қазақстандық медициналық білім беру қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ-не өтуі туралы қысымның жасалып жатқаны көрсетілген ұжымдық арыз келіп түсті.

Осыған байланысты Кәсіподақ Университет әкімшілігін Астана қаласының прокуратурасына әкімшілік жауапкершілікке және Астана қаласының полиция департаментіне қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы өтініш берді.

3. Сондай-ақ, Кәсіподақтың заң бөлімі Директорлар кеңесінің 30.05.2022 ж. шешімін Университеттің ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту бөлігінде жарамсыз, заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап арыз жолдады, өйткені бұл шешімді Кәсіподақтың пікірін ескермей қабылдауда көрсетілген еңбек заңнамасының нормалары бұзылды, бұл Университет қызметкерлерінің саны мен штатының жаппай қысқаруына әкеліп соқты.

Алматы қаласы бойынша:

Кәсіподақтың Алматы қ. филиалына «Алатау балаларды оңалту санаторийі" ШЖҚ РМК кәсіподақ комитетінің төрайымы Г.К. Өтебердиевадан еңбек тәртібін бұзуына байланысты оқу-тәрбие бөлімінің меңгерушісі лауазымынан тәрбиеші лауазымына заңсыз ауыстыруы туралы арыз келіп түсті. Арыз қаралып Г. К. Утебердиеваның лауазымын төмендету еңбек заңнамасын бұза отырып жүргізілгені анықталды және Г. К. Утебердиеваның лауазымы қалпына келтірілді.

Ақтөбе облысы бойынша:

Ақтөбе облысында №2 қалалық емханадан еңбекке жарамсыздық парағын дұрыс төлемеу туралы арыз білдірді, Кәсіподақ өкілдерінің араласуынан кейін

қайта есептеу жүргізілді, басында заңсыз төленбеген «Медеткер» отбасылық дәрігерлік амбулаториясы санитарының 2022 жылғы демалысқа емдік жәрдемақысы төленді. Сондай-ақ, 2022 жылы ұжымдық шартқа қосымшадағы тізімдерге сәйкес зиянды еңбек жағдайлары бар қызметкерлерге сүт беруді қайта бастауға мүмкіндік туды.

Маңғыстау облысы бойынша:

Сотқа дейінгі тәртіпте, келісім комиссиясының отырысына адвокат тарта отырып Кәсіподақтың Маңғыстау облыстық филиалы «№ 1 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-нің заңсыз жұмыстан шығарылған екі қызметкері: қойма меңгерушісі М. Адылбекова мен мектеп медицинасы бөлімінің меңгерушісі Ж. Рахмамедованы екі айлық мәжбүрлі жұмысқа келмегені үшін орташа жалақысын (төлемдердің жалпы сомасы 420 000 теңгені құрайды) төлей отырып, лауазымдарына қайта қабылданды. Адвокат қызметіне 100 000 теңге төленді.

Сондай-ақ, 2022 жылдың қазан айында Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек станциясының ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының 22-тармақшасы бойынша жұмыстан босатылған 6 қызметкерінің («AQNIET» салалық кәсіподақ мүшелерінің) өкілдігі бойынша адвокаттың қатысуымен келісім комиссиясында лауазымдарына қайта қабылданды. Адвокат қызметіне 50 000 теңге.

Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы қызметкерлерінің өз жалақысының деңгейіне қанағаттанбауы ереуіл жарияланғанға дейін пайда болды. Бұған геосаяси оқиғалар, азық-түлік бағасы, коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі және т. б. ықпал етті.

Жұмысшылардың алғашқы наразылығы 2021 жылдың маусым айында жалақы деңгейін көтеру талаптары қойылған кезде көрінді. Кейіннен қызметкерлердің наразылығы артып, 2022 жылдың ақпан айында Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясының қызметкерлері жалақыларын көтеруді талап етті.

24 ақпанда жұмысшылар наразылық акциясына жедел жәрдем бригадаларының шығуын ішінара тоқтату арқылы шықты және келесі талаптар қойды:

- Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек станциясының жүргізушілері мен фельдшерлеріне жалақы мөлшерін 300-400 мың теңге шегінде ұлғайту;
- дербес заңды тұлға ретінде жұмыс істеу, сондай-ақ өзіне басшылықты таңдау және тағайындау мүмкіндігіне ие болу;
- мерекелерге арналған сыйақылар;
- толық әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету (санаторийлер мен балалар лагерлеріне тегін жолдамалар және т. б.);
- ҚР ДСМ бұйрығына сәйкес жедел жәрдем бригадаларын жасақтау.

Құрылған комиссияда қызметкерлердің талаптарын қарауға Кәсіподақтың облыстық филиалы да тартылды.

Келіссөздер нәтижесінде жұмыс беруші талаптарды ішінара қанағаттандырды:

1) «Наурыз» мерекесі, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі қарсаңында кәсіпорын есебінен 1 ЕТЖ (60 мың теңге) мөлшерінде төлемдер белгілеу;

2) Жұмыс сапасын жақсарту және еңбекті ынталандыру мақсатында жедел жәрдем қызметкерлерінің жалақысына қосымша ақылар белгілеу сияқты.

Қосымша ақылар 2022 жылғы 1 наурыз бен 31 желтоқсан аралығында қызметкерлердің мынадай санаттарына белгіленді: дәрігерлерге, фельдшерлерге, санитариялық автокөлік жүргізушілеріне – 40 000 теңгеден, басқа персоналға – 30 000 теңгеден, санитар-тазалаушыларға – 20 000 теңгеден. Бұл бұйрық МОЖ және ШМКС бақылау кеңесінің 01.03.22 ж. хаттамалық шешімі негізінде шығарылды.

Алайда, кейіннен қаржылық түсімдердің жеткіліксіздігіне байланысты, 01.03.22 ж. белгіленген қосымша ақыларды кәсіпорын 01.08.22 ж. бастап тоқтатуды жоспарлаған еді, алайда бұл қызметкерлер тарапынан наразылықтың өсуіне және наразылық акцияларына қатысты жағдай кәсіпорынның жедел жәрдем бригадаларының шығуын ішінара тоқтуына әкелуі мүмкін еді.

Осыған байланысты Кәсіподақтың Маңғыстау облыстық филиалы МОЖ және ШМКС-да қалыптасқан қиын жағдайды шешуге жәрдемдесу мақсатында «AQNIET» Кәсіподақ ОК аппаратына жүгінді. Кәсіподақ ОК аппараты Маңғыстау облысының әкімдігіне және ҚР ДСМ-ге МОЖ және ШМКС-ны қосымша қаржыландыруға қатысты жазбаша өтініш жолдады. Нәтижесінде жергілікті бюджеттен 240 млн. теңге бөлінді.

Төтенше жағдай 2022 жылдың 10 қыркүйегінде пайда болды. Жаңаөзен, Ақтау, Мұнайлы қосалқы станцияларының, ішінара Ақшұқыр, Бейнеу қосалқы станцияларының жүргізушілері мен фельдшерлері жоғарыда көрсетілген қосымша төлемдердің кешіктірілуіне байланысты ереуіл жариялап, жұмысқа шығудан бас тартты.

Осыған байланысты жұмыс беруші ереуілді заңсыз деп тану туралы сотқа талап арыз берді. Ақтау және Жаңаөзен қалаларында, Мұнайлы ауданында сот отырыстары 2022 жылғы 14 қыркүйекте өтті, олардың шешімімен ереуіл заңсыз деп танылды. Алайда, осыған қарамастан, Мұнайлы және Жаңаөзен станцияларының қызметкерлері жұмысқа шығудан бас тартты, осыған байланысты жұмыс беруші сот шешімін орындамағаны үшін қызметкерлерді жаппай жұмыстан шығару туралы шешім қабылдады. Жаппай жұмыстан босатуды болжай отырып, филиал жұмыс берушіге бұрын тәртіптік жазаға тартылмаған кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлерге қатысты шешімді қайта қарау және еңбек шартын бұзудан басқа шаралармен шектелу туралы өтініш жасады. Жұмыс берушімен келіссөздер нәтижесінде жұмыстан шығарылатын 150-ден астам қызметкердің, «AQNIET» Кәсіподақ мүшелерінің ішінен 6 қызметкер ғана жұмыстан шығарылды, олар кейіннен филиал келісім комиссиясында олардың мүдделерін білдіру үшін адвокат тартты.

Қазіргі уақытта Кәсіподақтың Маңғыстау облыстық филиалы кәсіпорындағы еңбек жағдайын мониторингтеуді жалғастырып, жұмыс берушімен консультациялар, қызметкерлермен кездесулер өткізуде

V. Еңбек және денсаулықты қорғау

Кәсіподақ назары Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген қызметкерлердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларының, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, еңбекті қорғау туралы заңнамалық актілерде белгіленген талаптарға құқығын қамтамасыз етуге, іске асыруға бағытталған.

Жалпы Кәсіподақ бойынша еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекция құрылды және жұмыс істейді. Статистикалық деректерге сәйкес 2022 жылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 186 кеңес (бұдан әрі – ҚЖЕҚ жөніндегі Кеңес) жұмыс істеді, еңбекті қорғау жөніндегі 185 техникалық инспектор жұмыс істеді. Тексеру барысында инспекторлар қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қызметкерлерді оқыту және нұсқаулық беру, қағидалар, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық талаптарын бұзу, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету бойынша 100 бұзушылықты анықтады. Тексеру қорытындысы бойынша 42 ұсыным ұсынылды, олардың барлығы ұйымдардағы еңбек жағдайы мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған.

Есеп беру кезеңінде Кәсіподақ «Денсаулық» СОО базасында бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мамандары үшін «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды ұйымдастыру» тақырыбына бірқатар вебинарлар өткізді. Семинарда еңбекті қорғау саласындағы мамандардың жұмысын жақсарту және тиімділігін арттыру, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу мәселелері қаралды.

Кәсіподақ жыл сайын ҚР Денсаулық сақтау ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты жандандыру және жетілдіру, «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасын насихаттау, жұмыс берушілер мен кәсіподақ органдарының кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбекті қорғауды сақтауға назарын арттыру, басшыларды, инженерлік-техникалық қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметшілерді, кәсіподақ активін бұзушылықтарды уақтылы анықтауға және жоюға кеңінен тарту мақсатында қауіпсіздік техникасының нормалары мен қағидаларын, өндірістік жарақаттануды төмендету мақсатында қоғамдық байқау-конкурс өткізді. Осы іс-шараны кеңінен жариялау үшін келесі қолжетімді ақпараттық ресурстар пайдаланылды:

- * «AQNIET» ДСҚСК сайты

- * Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттар

- * ресми мамандандырылған «КӘСІПОДАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ» чаты.

Денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің нәтижелерін тану ретінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде мынадай номинациялар ұсынылды:

- a) «Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша үздік ұйым» I; II; III орын.

- b) «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» I; II; III орын.

Байқаудың «Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша үздік ұйым» номинациясы бекітілген Ережеге сәйкес электрондық құжаттаманы, фото және бейне материалдарды растайтын ұсынылған сауалнама деректері негізінде өткізілді. Конкурс қорытындысы бойынша осы номинация бойынша 1 орын «№1 көпсалалы қалалық аурухана» ШЖҚ МКК (Астана қ.); 2 орын екі медициналық ұйымға берілді: Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы ШЖҚ МКК (Астана қ.), «Шығыс Қазақстан облыстық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ КМК (ШҚО Глубокое ауданы, Тәжірибелік алаң а.); және 3 орын «Алматы облысының фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК (Талдықорған қ.); «№6 қалалық емхана» ШЖҚ МКК (Астана қ.); Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы» ШЖҚ МКК (Көкшетау қ.) сияқты үш ұйымға берілді.

Техникалық инспекторлардың білімін бағалау онлайн тестілеу әдісімен жүргізілді. Тестілеу нәтижелері бойынша «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» номинациясы бойынша бірінші орынды, ШЖҚ «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-нан Абуова Раиса Қайырбекқызы, екінші орынды ҚР ДСМ ШЖҚ «Шұғыл медицинаның ұлттық үйлестіру орталығы» РМК-нан Тәжігітов Ерден Жөнбекұлы, үшінші орынды ШЖҚ «№1 көпсалалы қалалық аурухана» МКК-дан Ермек Анкежанов иеленді.

1	25.04.2022 16:45	45/50	Абуова Раиса Кайрбековна	ГКП на ПХВ Городская станция скорой медицинской помощи акимата города Нур-Султан
2	25.04.2022 16:38	44/50	Таджигитов Еркен Женбекович	РГП на ПХВ "Национальный координационный центр экстренной медицины" МЗ РК
3	25.04.2022 16:58	43/50	Анкежанов Ермек	ГКП на ПХВ "Многопрофильная городская больница №1" акимата города Нур-Султан



*«Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор»
денсаулық сақтау ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі байқау-конкурсы*

Жыл сайын қазан айында Кәсіподақ ұйымдарында Дүниежүзілік лайықты еңбек үшін іс-қимыл күніне арналған акциялар өткізіледі. Акция аясында кәсіби қызметкерлер еңбекті қорғау мен қызметкерлердің денсаулығын насихаттау, адамдардың қауіпсіз және қалыпты жағдайда жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар өткізеді.

Кәсіподақ салауатты өмір салтын насихаттау, медициналық көрсеткіштер бойынша сауықтыруды қажет ететін Кәсіподақ мүшелерін, сондай-ақ олардың балаларын санаторлық-курорттық емделуге жеңілдікті жолдамалармен қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

VI. Кәсіподақтың ұйымдастырушылық және қаржылық нығаюы, Кәсіподақ ішіндегі кадр саясаты

Кәсіподақ ұйымдастыру қызметінің басты қағидаттары барлық Кәсіподақ органдары мен Кәсіподақ мүшелерінің ынтымақтастығы мен іс-қимылының бірлігі деп санайды.

Кәсіподақты ұйымдастырушылық және қаржылық нығайту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары кәсіподақ мүшелігіне уәждемені күшейту және кадр саясатын жетілдіру болып табылады. Осы мақсатта кәсіподақ ішіндегі тәртіпті нығайтып, Кәсіподақтың сайланбалы органдарының жұмысында алқалылық пен жариялылықты қамтамасыз ету бойынша жұмысы күшейтілді.

Кәсіподақ жыл сайын кәсіподақ кадрлары мен активтерін даярлау мен біліктілігін арттыруды табысты жүргізіп, оқудан өткен кәсіподақ белсенділерінің тілектері мен ұсыныстарын ескере отырып Кәсіподақ құрылысының барлық негізгі бағыттары, ақпараттық жұмыс, кәсіподақ мүшелігінің артуы, ұйымдастыру, эдвакаси, кәсіподақ қызметінің құқықтық негіздері, ұйымдардың бухгалтерлік есебі мен салық салудағы өзгерістер, келіссөздер жүргізу технологиялары, ұжымдық еңбек дауларын реттеу және т. б. семинарлар тақырыбын әзірлейді.

Есепті кезеңде еліміздің барлық өңірлерінен 2885 кәсіподақ мүшесі оқудан өтті.

Жұмыс берушілер мен денсаулық сақтау ұйымдарының, кадр қызметінің, бухгалтерияның қызметкерлері, кәсіподақ комитетінің төрағалары мен мүшелері үшін қолданыстағы заң нормаларын дұрыс қолдану, еңбек заңнамасының қолданыстағы нормаларын, келісімдердің (бас, салалық, өңірлік), ұжымдық шарттың маңыздылығын түсіндіру мақсатында Көкшетау және Жаңаөзен қалаларында, «Денсаулық» СОО базасында «ҚР денсаулық сақтау жүйесіндегі еңбекке ақы төлеу», «Кәсіподақ қызметіндегі өзекті құқықтық мәселелер. Ұжымдық шартты әзірлеу және қабылдау» ұжымдық шарт жасасу технологиясы мен тәртібі негізінде семинарлар өткізілді.

